



№ 04.05.2015 ж. № ИПТ-Д-010 ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ ҮЛГІ ШАРТ	ТИПОВОЙ ДОГОВОР ОБСЛУЖИВАНИЯ № ИПТ-Д-010 от 04.05.2015 г.
ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ АНЫҚТАМАЛАРЫ Тапсырыс беруші – жер учаскесінің меншік иесі немесе Жер учаскесін заңды негізде (мысалы, жал жөніндегі шарт) иеленіп, өкімдік етуге құқылы тұлға. Орындаушы – осы Шарттың аясында Коттедждік ауылдың аумағында басқару, пайдалану, қызмет көрсету, бақылау және жұмыстарды үйлестіру қызметтерін жүргізетін, Коттедждік ауылдың аумағында бақылау-өткізу режимін және тәртіптің сақталуын қамтамасыз ететін ЖК ТКАЧЕНКО, оның қызметкерлері және ҚР заңнамасына сәйкес сенімхаттың, шарттың немесе кез келген басқа да құжаттың негізінде Орындаушының мүддесін ұсынуға өкілеттіліктері бар басқа да тұлғалар. Қызмет көрсету – Орындаушы № 1 Қосымшаға сәйкес осы Шарт бойынша орындайтын Коттедждік ауылдағы Ортақ мүлікке қызмет көрсету қызметтері. Коттедждік ауыл – Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелен қ. мекенжайы бойынша жинақы орналасқан жер телімдер жиынтығы жыл бойы тұрақты тұруға қажетті және жеткілікті инженерлік және көлік инфрақұрылымы нысандары бар «Теремки» тұтынушылық кооперативі. Жер учаскесі – Коттедждік ауыл аумағындағы бақша және саяжай құрылысын жүргізуге арналған жер учаскесі мен онда орналасқан жылжымалы және жылжымайтын мүлік. Жер учаскесінде орналасқан үй құрылысы және басқа да құрылыстар мен құрылымдар инфрақұрылымға қол жетімділік бөлігінде Коттедждік ауылдың ажырамас бөлігі болып табылады. Алайда, жылжымайтын мүлік нысаны ретінде толықтай дербес. Жалпы мүлік – Тапсырыс берушінің және жер телімдерінің басқа да меншік иелерінің Коттедждік ауылда жайлы тұруға байланысты мұқтаждығын қамтамасыз ететін Ортақ пайдаланыстағы нысандар мен инженерлік коммуникациялар нысандарын қамтиды. Ортақ пайдаланыстағы нысандар – Орындаушының жер телімдерінде орналасқан көлік инфрақұрылымы нысандары, әкімшілік нысандары, ортақ пайдаланыстағы жерлердегі аллеялар мен гүлзарлар, қоқыс жинауға арналған контейнерлер тұратын алаң, хабарландыру тақтасы және т. б. Инженерлік коммуникациялар нысандары – Орындаушының жер телімдерінде орналасқан, пайдаланушы ұйымдармен баланстық қатыстылықтың ара-жігін ажырату актілеріне сәйкес ВЛ-10 кВ и ВЛ-0,4 кВ электр қуатын тарату арналары, ТП 630/10 кВа трансформаторлы подстанциясы, шаруашылық-тұрмыстық су құбырының сыртқы желілері, суаруға (су бұру) арналған су құбырының сыртқы желілері; сондай-ақ осы Шарт қолданыс күшінде болған уақытта құрылған басқа да коммуникациялар. Төлем – Тапсырыс берушіден осы Шарт бойынша Коттедждік ауылға қызмет көрсетілгені үшін Орындаушының пайдасына алынатын төлем. Пайдаланушы ұйымдар – электр энергия, газ, ауыз су және суаратын су, қоқыс шығару және басқа да	ТЕРМИНЫ И ИХ ТОЛКОВАНИЕ Заказчик – собственник Земельного участка либо лицо, обладающее правом пользования и владения Земельным участком на законном основании (например, договора аренды). Исполнитель – ИП ТКАЧЕНКО, его сотрудники и иные лица, имеющие полномочия представлять интересы Исполнителя на основании доверенности, договора или любого иного документа в соответствии с законодательством РК, осуществляющие управление, эксплуатацию, обслуживание, контроль и координацию работ на территории Коттеджного городка, обеспечивающие контрольно-пропускной режим и соблюдение порядка на территории Коттеджного городка в рамках настоящего Договора. Обслуживание – услуги по обслуживанию Общего имущества Коттеджного городка, оказываемые Исполнителем по настоящему Договору согласно Приложению № 1. Коттеджный городок – компактно расположенная совокупность земельных участков по адресу: Алматинская область, Карасайский район, г. Каскелен, Потребительский кооператив «Теремки» с объектами инженерной и транспортной инфраструктуры, необходимыми и достаточными для постоянного круглогодичного проживания. Земельный участок – земельный участок на территории Коттеджного городка, предназначенный для ведения садоводства и дачного строительства, и расположенное на нем движимое и недвижимое имущество. Расположенное на земельном участке домостроение и иные строения и сооружения в части доступа к инфраструктуре, являются неотъемлемым элементом Коттеджного городка, однако, как объект недвижимости юридически является полностью самостоятельным. Общее имущество – включает в себя Объекты общего пользования и Объекты инженерных коммуникаций, обеспечивающие потребности Заказчика и других собственников земельных участков, связанных с комфортным проживанием в Коттеджном городке. Объекты общего пользования – расположенные на земельных участках Исполнителя и принадлежащие ему на праве частной собственности объекты транспортной инфраструктуры, административные объекты, аллеи и газоны на землях общего пользования, контейнерная площадка для сбора мусора, доска объявлений и пр. Объекты инженерных коммуникаций – расположенные на земельных участках Исполнителя и принадлежащие ему на праве частной собственности линии электропередач ВЛ-10 кВ и ВЛ-0,4 кВ, трансформаторная подстанция ТП 630/10 кВт, наружные сети хозяйственно-бытового водопровода, наружные сети водопровода для полива (водоотведения) согласно актам разграничения балансовой принадлежности, с эксплуатирующими организациями; а также другие коммуникации, созданные в период действия настоящего Договора. Плата – платеж, взимаемый с Заказчика в пользу Исполнителя по настоящему Договору за Обслуживание Коттеджного городка. Эксплуатирующие организации – организации, оказывающие услуги по поставке электроэнергии, газа,

коммуналдық қызметтерді жеткізу қызметтерін көрсететін ұйымдар. Жеке шот – құрамында Жер учаскесі жөніндегі (учаске ауданы, құрылыстардың болуы және олардың ауданы) және оның меншік иесі жөніндегі мәліметтер, инженерлік коммуникациялар нысандарына қосылудың болуы/болмауы және көрсетілетін коммуналдық қызметтер (шаруашылық-тұрмыстық су және бақша суғару су құбырлары, электр қуатыжәне тағы басқасы) туралы ақпарат бар және Тапсырыс берушінің Қызметтер, Коммуналдық қызметтер, Қосымша ақылы қызметтер үшін төлеуімен байланысты барлық мәселелерді ашатын шот.	питьевой и поливной воды, по вывозу мусора, и другие коммунальные услуги. Лицевой счет – счет, который содержит сведения о Земельном участке (площадь участка, наличие домостроений и их площадь) и его собственнике, информацию о наличии/отсутствии подключения к объектам инженерных коммуникаций и предоставляемых коммунальных услугах (хозяйственно-бытовой и поливной водопровод, электроэнергия и прочее), и отражает все вопросы, связанные с осуществляемыми Заказчиком платежами за Обслуживание, коммунальные услуги, Дополнительные платные услуги.
1. ШАРТТЫҢ МӘНІ 1.1. Орындаушы Коттедждік ауылдың ортақ мүлігін Күту бойынша міндеттемелерді жүктеніп, ал Тапсырыс беруші ай сайынғы Ақыны салып отыруға және осы шарт талаптарына сәйкес қосымша қызметтер үшін шоттарды төлеуге міндеттенеді. 1.2. Тапсырыс беруші осы Шартқа және оған кейіннен енгізілетін өзгерістерге және/немесе толықтыруларға қосылу туралы өтінішке қол қою арқылы қосылады (№2 Қосымша) 1.3. Осы Шарт бойынша Тараптардың міндеттемелері қосылу жайлы өтінішке қол қойылған күннен және/немесе коттедж қалашығында Жер учаскесін сатып алу күнінен бастап туындайды (оқиғалардың қайсысы ерте басталатынына байланысты) 1.4. Осы Шарттың талаптары меншік құқығы мәміле қайта жасалған уақытта пайда болған тұлғаларды қоса алғанда, Жер телімдерінің барлық меншік иелеріне таралады. Осы Шарт мақсаттарында әр Жер учаскесіне нөмірі мен мазмұны Жер учаскесінің иесі ауысқанда өзгеріссіз қалып отыратын Жеке шот рәсімделеді.	1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА 1.1. Исполнитель принимает на себя обязательства по Обслуживанию Общего имущества Коттеджного городка, а Заказчик обязуется вносить ежемесячную Плату в соответствии с условиями настоящего Договора. 1.2. Заказчик присоединяется к настоящему договору и последующим изменениям и/или дополнениям к нему путем подписания Заявления о присоединении (Приложение № 2). 1.3. Обязательства Сторон по настоящему Договору возникают с даты подписания Заявления о присоединении и/или приобретения Земельного участка в Коттеджном городке (в зависимости какое из событий наступит раньше). 1.4. Условия настоящего Договора распространяются на всех собственников Земельных участков, включая лиц, у которых право собственности возникло при вторичной сделке. Для целей настоящего Договора на каждый Земельный участок оформляется Лицевой счет, номер и содержание которого остается неизменным при смене собственника Земельного участка.
2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ 2.1. Орындаушы міндетті: 1) Тапсырыс беруші Шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді сақтаған жағдайда, оның ішінде қызмет көрсеткені үшін ай сайынғы Төлемді енгізу бойынша, осы Шарттың 1.3-тармағында көрсетілген сәттен бастап, Коттедж қалашығында қызмет көрсету міндеттеріне кірісуге. 2) Тапсырыс берушінің жер учаскесін инженерлік коммуникациялар объектілеріне (электр қуаты, шаруашылық-тұрмыстық және суаратын су) мынадай шарттармен қосу: • Қосу техникалық шарттарға сәйкес Орындаушының күшімен және Тапсырыс берушінің есебінен ақылы негізде жүргізіледі. Қосылу құны электр және сумен жабдықтау жүйелеріне қосылу сомасы мен жұмыстар мен материалдардың құнынан құралады. • Қосылғаны үшін соманы Тапсырыс беруші Шарттың 3.2 тармағында көрсетілген тәсілдермен 100% алдын ала төлем тәртібімен енгізеді. • Электрмен жабдықтауға, шаруашылық-тұрмыстық (ауыз су) және суаратын сумен жабдықтауға қосу бір мезгілде жүргізіледі, ішінара қосуға жол берілмейді. • Тапсырыс беруші шарт бойынша ай сайынғы Төлемді және/немесе Орындаушы ұсынған коммуналдық қызметтерді пайдаланғаны үшін шоттарды уақтылы және толық төлеу бойынша міндетті орындамаған жағдайда, Орындаушы Шарттың 4.3 т. сәйкес Тапсырыс берушінің жер учаскесін инженерлік коммуникациялар объектілерінен ажыратады. • Орындаушы қайта қосуды Тапсырыс беруші пайда болған берешекті Орындаушының	2. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН 2.1. Исполнитель обязан: 1) Приступить к своим обязанностям по управлению и Обслуживанию Коттеджного городка с момента, указанного в пункте 1.3. настоящего Договора, при условии соблюдения Заказчиком принятых по Договору обязательств, в том числе по внесению ежемесячной Платы за обслуживание. 2) Произвести подключение Земельного участка Заказчика к Объектам инженерных коммуникаций (электричество, хозяйственно-бытовая и поливная вода) на следующих условиях: • Подключение производится согласно техническим условиям на платной основе силами Исполнителя и за счет Заказчика. Стоимость подключения складывается из суммы за врезку в системы электро- и водоснабжения и стоимости работ и материалов. • Сумма за подключение вносится Заказчиком в порядке 100%-ной предплатой способами, указанными в п.3.2 Договора. • Подключение к электроснабжению, хозяйственно-бытовому (питьевому) и поливному водоснабжению производится одновременно, частичное подключение не допускается. • В случае неисполнения Заказчиком обязанности по своевременной и полной оплате ежемесячной Платы по Договору и/или выставленных Исполнителем счетов за пользование коммунальными услугами, Исполнитель производит отключение Земельного участка Заказчика от Объектов инженерных коммуникаций в соответствии с п. 4.3. Договора. • Повторное подключение производится Исполнителем после полного погашения Заказчиком образовавшейся задолженности на платной основе по расценкам

бағалары бойынша толық өтегеннен кейін ақылы негізде жүргізеді. 3) Тапсырыс берушіге осы Шартта көрсетілген қызметтердің ұсынылуы тоқтатылған апатты және басқа да форс-мажорлы жағдайлар туралы кез келген қол жетімді байланыс құралдарымен (мессенджер WhatsApp, СМС-ақпарат тарату және т.б.) хабарлауға. 4) Тапсырыс берушінің өтінімі негізінде Тапсырыс берушінің мүлігіне залал келтірілгені туралы акті құру үшін және апатты жағдайлардың туындау себептерін анықтау үшін өз қызметкерлерін (басқа да уәкілетті тұлғаларын) жұмыс уақытында оқиға орнына жіберуге 5) Тапсырыс берушінің қосымша тартылған қаражаты есебінен Коттедждік ауылдың инфрақұрылымын модернизациялау және дамыту шараларын жүргізуге. 6) Тапсырыс берушінің ұсыныстарын, өтініштері мен шағымдарын қарастыруға, олардың есебін жүргізуге, онда көрсетілген кемшіліктерді жою үшін қажетті шараларды қолға алуға. Тапсырыс берушіге 15 (он бес) күнтізбелік күннің аралығында қабылданған шешімдер жайлы хабарлауға. 7) Шарт және ҚР Заңнамасы бойынша өзге де міндеттерді атқару. 2.2. Орындаушы құқылы: 1) Өз таңдауы бойынша тиісті тараптас ұйымдар мен жеке тұлғаларды жұмылдыра отырып, осы Шарт бойынша міндеттемелерінің орындалу тәртібі мен тәсілін айқындауға. 2) Тапсырыс берушінің осы Шарт пен оған берілген Қосымшалардың талаптарын орындауына бақылау жүргізуге және кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тартуға, соның ішінде Тапсырыс берушіден есептелген және төленбеген төлемдердің, айыппұл санкцияларының сомасын және Тапсырыс берушінің және төлемнің уақытылы және/немесе толық төленбеуінен немесе Тапсырыс беруші жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін немесе Жер учаскесін Тапсырыс берушімен бірге пайдалануға құқығы бар өзі жұмылдырған басқа да тұлғалардың басқа да әрекетінен (әрекетсіздігінен) келтірілген залал сомасын өндіріп алуға. 3) Шарттың 6.1-т. талаптарын орындай отырып, осы Шартқа өзгертулер мен толықтырулар енгізуге. 4) Тапсырыс берушіден шарт бойынша ай сайынғы Төлемді, сондай-ақ коммуналдық қызметтерді пайдаланғаны үшін төлемдерді уақытылы және толық көлемде алуға. 5) Коммуналдық қызметтерді пайдалану үшін шоттар, оның ішінде пайдаланушы ұйымдардан алынғандар, шығаруға (қайта шығаруға). 6) Жалпы мүлік пайдалану тәртібін және/немесе Шарт бойынша Төлемді енгізуге шығарылған (қайта шығарылған) шоттарды төлеу мерзімдерін бұзу жағдайында коммуналдық қызметтерді пайдалану құқықтарын уақытша тоқтатуға, шектеуге немесе тоқтатуға. 7) Қызметтерді көрсету үшін қажетті құжаттаманы (деректер базасын), техникалық құжаттаманы жүргізуге және сақтауға. 8) Осуществлять иные права, предусмотренные законодательством РК 2.3. Тапсырыс беруші міндеттенеді: 1) Осы Шартпен белгіленген Төлемді уақытылы және толық көлемде төлеуге, Орындаушымен коммуналдық қызметтерді пайдалану үшін шығарған шоттарды төлеп отыруға. 2) Ортақ мүлікті ұқыптап ұстауға, оның сақталуын қамтамасыз етуге. Ортақ мүлікке зиян келтірілу деректері немесе мұндай зиянның	Исполнителя, действующим на момент повторного подключения. 3) Информировать Заказчика об аварийных и иных форс-мажорных ситуациях, связанных с перерывами предоставления услуг по Договору, любыми доступными средствами связи (мессенджер WhatsApp, смс-оповещение и т.п.). 4) На основании заявки Заказчика в рабочее время направлять своих сотрудников (иных уполномоченных лиц) для составления акта о нанесении ущерба имуществу Заказчика и для установления причин возникновения аварийных ситуаций. 5) Проводить за счет дополнительно привлеченных средств Заказчика мероприятия по модернизации и развитию инфраструктуры Коттеджного городка. 6) Рассматривать предложения, заявления и жалобы Заказчика, вести их учет, принимать меры, необходимые для устранения указанных в них недостатков. Письменно в течение 15 (пятнадцати) календарных дней информировать Заказчика о принятых решениях. 7) Нести иные обязанности по Договору и законодательству РК. 2.2. Исполнитель вправе: 1) По своему выбору определять порядок и способ выполнения своих обязательств по настоящему Договору с привлечением необходимых сторонних организаций и частных лиц. 2) Осуществлять контроль за соблюдением Заказчиком условий настоящего Договора и Приложений к нему, и привлекать виновных лиц к ответственности, в том числе взыскивать с Заказчика сумму начисленных и неоплаченных платежей, штрафных санкций и сумму ущерба, причиненного несвоевременной и/или неполной оплатой и иными действиями (бездействиями) Заказчика или иных лиц, самостоятельно привлеченных Заказчиком для выполнения ремонтно-строительных работ или имеющих право пользования Земельным участком вместе с Заказчиком. 3) Вносить изменения и дополнения в настоящий Договор с соблюдением требований п.6.1 Договора. 4) Своевременно и в полном объеме получать от Заказчика ежемесячную Плату по Договору, а также платежи за пользование коммунальными услугами. 5) Выставлять (перевыставлять) счета за пользование коммунальными услугами, в том числе полученные от эксплуатирующих организаций. 6) Приостановить, ограничить или прекратить право пользования коммунальными услугами в случаях нарушения порядка эксплуатации Общего имущества и/или сроков внесения Платы по Договору и оплаты выставленных (перевыставленных) счетов. 7) Вести и хранить необходимую для оказания услуг документацию (базы данных), техническую документацию. 8) Осуществлять иные права, предусмотренные законодательством РК. 2.3. Заказчик обязуется: 1) Своевременно и в полном объеме вносить предусмотренную настоящим Договором Плату и оплачивать выставленные Исполнителем счета за пользование коммунальными услугами. 2) Бережно относиться к Общему имуществу, обеспечивать его сохранность. При обнаружении фактов нанесения ущерба Общему имуществу или угрозы
---	---

қауіп анықталған жағдайда бұл жайында дереу Орындаушыға (оның қызметкерлеріне) хабарлауға. 3) Жер учаскесін Коттедждік ауылдағы жер учаскелерінің басқа меншік иелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбай, оның мақсатты арнауы бойынша пайдалануға 4) Ортақ мүлікті, Жер учаскесін пайдаланған уақытта, сонымен қатар Тапсырыс берушіге тиесілі Жер учаскесінде қандай да бір құрылыс нысандарын тұрғызғанда заңнамамен қарастырылған санитарлық-гигиеналық, экологиялық, сәулет-қала құрылысы, өртке қарсы және пайдалану талаптарын орындауға. Осы тармақты тартылған мердігерлік жұмыскерлердің орындауын қамтамасыз етуге. 5) Шарт талаптарын, Тұрудың негізгі шарттары мен ережелері (№ 3 Қосымша) инженерлік коммуникация Нысандарына қосылу үшін техникалық шарттарды және коммуникацияларды пайдалану ережесіні бұлжытпай орындауға, осы Шартты орындау шеңберінде Орындаушының өзге де талаптарын орындауға. 6) Жер учаскесін үшінші тұлғаларға шеттету (соның ішінде сыйға тарту) немесе уақытша иеленуге және пайдалануға тапсыру жағдайында Тапсырыс беруші сатып алушыны/жалға алушыны осы Шартқа қосылу қажеттігі жөнінде ескертіп, жасалу мезетінен 3 (үш) жұмыс күні ішінде Орындаушыны мәміле туралы хабардар етуі тиіс. Тапсырыс берушінің осы тармақты орындамауы оны осы Шарт талаптарына сәйкес Жеке шот бойынша төлеу міндеттемелерінен босатпайды. 7) Шарт және ҚР Заңнамасы бойынша өзге де міндеттерді атқару. 2.4. Тапсырыс беруші құқылы: 1) Орындаушыдан осы Шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындауын талап етуге. 2) Осы Шарттың талаптарымен Ортақ мүлікті пайдалануға, осы Шартқа сәйкес көрсетілетін қызметтердің тізілімін толықтыру туралы ұсыныстар енгізуге.	нанесения такого ущерба немедленно информировать об этом Исполнителя (его сотрудников). 3) Использовать Земельный участок по целевому назначению, без нарушения прав и законных интересов других собственников земельных участков Коттеджного городка. 4) Выполнять предусмотренные законодательством санитарно-гигиенические, экологические, архитектурно-градостроительные, противопожарные и эксплуатационные требования при пользовании Общим имуществом, Земельным участком, а также при возведении каких-либо построек на Земельном участке, принадлежащем Заказчику. Обеспечить исполнение настоящего пункта привлеченными подрядными работниками. 5) Неукоснительно соблюдать условия Договора, Основные условия и правила проживания (Приложение № 3), технические условия для подключения к Объектам инженерных коммуникаций и правила пользования коммуникациями, выполнять иные требования Исполнителя в рамках исполнения настоящего Договора. 6) При отчуждении (включая дарение) или передаче во временное владение и пользование Земельного участка третьим лицам Заказчик обязуется уведомить покупателя/арендатора о необходимости присоединения к настоящему Договору, а также известить Исполнителя о состоявшейся сделке в течение 3 (трех) рабочих дней с момента ее свершения. Неисполнение Заказчиком настоящего пункта не освобождает его от обязанности оплаты по Лицевому счету в соответствии с условиями настоящего Договора. 7) Нести иные обязанности по Договору и законодательству РК. 2.4. Заказчик вправе: 1) Требовать от Исполнителя надлежащего исполнения обязательств по настоящему Договору. 2) На условиях настоящего Договора пользоваться Общим имуществом, вносить предложения о дополнении перечня оказываемых в соответствии с настоящим Договором услуг.
3. ТӨЛЕМ МӨЛШЕРІ МЕН ТӘРТІБІ 3.1. Плата за Обслуживание начисляется с момента, указанного в п.1.3 настоящего Договора. Ай сайын төленетін Төлемнің мөлшері Жер учаскесінің 0,01 га есебімен № 1 Қосымшамен белгіленеді. Тапсырыс беруші мұндай Төлемді ағымдағы айдан кейінгі келесі айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірмей төлейді. Бірінші айға Төлемді Тапсырыс беруші осы айда жер учаскесін иелену мерзіміне қарамастан, ол есептелген айдың соңына дейін есептейді және төлейді. 3.2. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша Төлемді аталған жолдардың бірімен төлейді: Орындаушының есеп шотына қаражат аудару арқылы немесе Орындаушының кассасына қолма-қол қаражат төлеу арқылы). Осы Шарт бойынша сомалар төленген кезде ақша аударылғаны үшін алынатын банк комиссиясын Тапсырыс беруші өзі төлейді. 3.3. Тапсырыс беруші Төлемді аванс арқылы енгізуге құқылы. Тапсырыс беруші ағымдағы айда артық төлеген соманың айырмашылығы келесі кезеңдегі төлемнің есебіне жазылады. 3.4. Тапсырыс берушінің және Жер учаскесінің басқа да тұлғаларының Жер учаскесін пайдаланбауы осы Шарт бойынша Төлем төлемеуге негіз болмайды. 3.5. Орындаушы Төлем мөлшерін бір күнтізбелік жылда бір реттен асырмай өзгерте алады. Мұндайда Шартқа қосымша келісімдерге қол қою қажет етілмейді. Орындаушы Төлем мөлшерінің өзгергені туралы	3. РАЗМЕР И ПОРЯДОК ОПЛАТЫ 3.1. Плата за Обслуживание начисляется с момента, указанного в п.1.3 настоящего Договора. Размер ежемесячной Платы определяется Приложением № 1 из расчета на 0,01 га Земельного участка и вносится Заказчиком не позднее 10-го (десятого) числа месяца, следующего за текущим. Плата за первый месяц начисляется и оплачивается Заказчиком до конца месяца, в котором она была начислена, независимо от срока владения Земельным участком в этом месяце. 3.2. Оплата по настоящему Договору производится Заказчиком одним из указанных способов: перечислением денежных средств на расчетный счет Исполнителя либо внесением наличных денежных средств в кассу Исполнителя. При оплате сумм по настоящему Договору путем перечисления комиссия банка за перевод оплачивается Заказчиком самостоятельно. 3.3. Заказчик вправе вносить Плату авансом. Разница при излишне оплаченной Заказчиком сумме за текущий месяц засчитывается в счет платежа за последующий период. 3.4. Неиспользование Заказчиком и иными лицами Земельного участка не является основанием для невнесения Платы по настоящему Договору. 3.5. Размер Платы может быть изменен Исполнителем не чаще одного раза в календарный год, при этом подписания дополнительных соглашений к Договору не требуется. Об изменении размера Платы Исполнитель

Тапсырыс берушіге Шарттың 6.1-т. белгіленген тәртіппен ескертеді.	уведомляет Заказчика в порядке, установленном п.6.1 Договора.
4. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ 4.1. Тараптардың бірі осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, сондай-ақ кез келген Тараптың кінәлі іс-әрекеттері болған жағдайда кінәлі Тарап екінші Тарапқа келтірілген шығынның орнын толтыруға міндетті. 4.2. Осы Шартпен көзделген төлемдерді, соның ішінде коммуналдық қызметтер үшін дер кезінде және/немесе толық мөлшерде енгізбеу жағдайында, Орындаушы Тапсырыс берушіден белгіленген төлем күні келген күннен кейінгі күннен бастап, іс жүзінде төлеу күнін қоса есептегендегі күнге дейін кешіктірудің әр күні үшін дер кезінде төленбеген сомалардың 1% (бір пайызы) мөлшеріндегі өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы. 4.3. Тапсырыс беруші Шартпен көзделген төлемдерді енгізу мерзімін 10 (он) күнтізбелік күнге бұзған жағдайда Орындаушы Тапсырыс беруші Шарт бойынша жиналған берешегін толық өтегенге дейін осы Шарт бойынша қызмет көрсетуін, соның ішінде Коттедждік ауылдың Ортақ мүлкіне тыйым салу/шектеу қою арқылы, инженерлік коммуникация Объектілерінен ажырату және басқа да тыйымдар мен шектеулерді белгілеу арқылы тоқтата тұруға құқылы. 4.4. Тапсырыс берушінің инженерлік коммуникация нысандарына өз бетімен, соның ішінде инженерлік желілерді есептегіштерден тыс немесе коммуникацияларды тарту сызбаларын бұзу отырып қосылу фактісі анықталған жағдайда Орындаушы Тапсырыс берушіден қосылу нүктесінің құны және коммуналдық қызметтерді рұқсатсыз қосылу мерзімі барысында тұтыну сомасы мөлшеріндегі бір реттік айыппұлды төлеуді талап етуге құқылы. 4.5. Тапсырыс беруші Тұрудың негізгі шарттары мен ережелерін бұзған, сондай-ақ Тапсырыс берушінің кінәсынан адамдардың өміріне, денсаулығына, Коттедждік ауылдың экологиялық жағдайына төтенше жағдай (өрт, су басу, ТҚҚ рұқсатсыз тасталуы және т.б.) туындаған жағдайда Орындаушы Тапсырыс берушіге 50 (елу) АЕК мөлшерінде айыппұл салуға, Коттедждік ауылдың мүлігіне келтірілген зиянның орнын толық толтыруды талап етуге, сондай-ақ кінәлі тұлғаны қолданыстағы заңнамаға сәйкес әкімшілік және/немесе қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы өтінішпен уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінуге құқылы. 4.6. Тапсырыс беруші Шарттың қарастырылған міндеттерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Тапсырыс беруші жүргізетін кез келген жұмыс рұқсатсыз және заңсыз, Орындаушының жекеменшік құқығын бұзатын деп танылып, тоқтатылуға жатады. Оның үстіне, Орындаушы өзіне қандай да бір салдары тигізілмей, бір жақты тәртіппен (шарттан бас тарту) осы Шартты орындаудан құқылы. Көрсетілген жағдай орын алған кезде Тапсырыс беруші Коттедждік ауылдың Ортақ мүлкін пайдалану құқығынан айырылады. 4.7. Орындаушы Тапсырыс беруші Коттедждік ауылдың инженерлік коммуникацияларын нысандарын пайдалану арқылы тұтынатын коммуналдық қызметтері жеткізушілердің әрекеттері үшін де, Тапсырыс берушіде пайдаланушы ұйымдардың коммуналдық қызметтерді жеткізу тәртібін, сондай-ақ оған ҚР қолданыстағы заңнамасымен жүктелген басқа да міндеттемелерді бұзуына байланысты туындауы мүмкін ықтимал залал үшін де жауапкершілік көтермейді. 4.8. Тапсырыс беруші мемлекеттік органдар алдында Жер учаскесін арнаулы мақсатынан тыс пайдалануы, құрылыс және өзге ережелер мен	4. ОТВЕТСТВЕННОСТЬ СТОРОН 4.1. В случае неисполнения или ненадлежащего исполнения одной из Сторон своих обязательств по настоящему Договору, а также виновных действий любой Стороны, виновная Сторона обязана возместить другой Стороне причиненные убытки. 4.2. В случае несвоевременного и/или неполного внесения предусмотренных настоящим Договором платежей, в том числе за коммунальные услуги, Исполнитель вправе требовать от Заказчика уплаты пени в размере 1% (одного процента) от невыплаченных в срок сумм за каждый день просрочки, начиная со следующего дня после наступления установленного срока оплаты по дню фактической выплаты включительно. 4.3. В случае нарушения Заказчиком срока внесения предусмотренных Договором платежей более 10 (десяти) календарных дней, Исполнитель вправе приостановить оказание услуг по настоящему Договору, в том числе путем запрета/ограничения пользования Общим имуществом Коттеджного городка, отключения от Объектов инженерных коммуникаций и введения других запретов и ограничений, до полного погашения Заказчиком образовавшейся задолженности по Договору. 4.4. В случае выявления факта самовольного подключения Заказчиком к Объектам инженерных коммуникаций, равно как присоединение инженерных сетей помимо счетчиков или в нарушение схемы подведения коммуникаций, Исполнитель вправе требовать от Заказчика уплаты единовременного штрафа в размере стоимости точки подключения и суммы за потребленные коммунальные услуги за весь период несанкционированного подключения. 4.5. В случае нарушения Заказчиком Основных условий и правил проживания, а также возникновения по вине Заказчика чрезвычайной ситуации, угрожающей жизни, здоровью людей, экологическому благополучию Коттеджного городка (пожар, затопление, несанкционированный выброс ТБО и др.), Исполнитель вправе наложить на Заказчика штраф в размере 50 (пятьдесят) МРП, требовать возмещения причиненного ущерба имуществу Коттеджного городка в полном объеме, а также обратиться в уполномоченные государственные органы с заявлением о привлечении виновного лица к административной и/или уголовной ответственности в соответствии с положениями законодательства РК. 4.6. В случае неисполнения или ненадлежащего исполнения Заказчиком обязанностей, предусмотренных Договором, любые действия Заказчика признаются несанкционированными и незаконными, нарушающими право частной собственности Исполнителя и подлежат прекращению. Кроме того, Исполнитель вправе отказаться от исполнения настоящего Договора в одностороннем порядке (отказ от договора) без каких-либо последствий для себя. При наступлении указанного случая Заказчик утрачивает право пользования Общим имуществом Коттеджного городка и будет отключен от всех инженерных коммуникаций городка. 4.7. Исполнитель не несет ответственность за действия поставщиков коммунальных услуг, которые будет потреблять Заказчик с использованием Объектов инженерных коммуникаций Коттеджного городка, равно как не несет ответственности за возможный ущерб, который может возникнуть у Заказчика в связи с нарушением эксплуатирующими организациями порядка поставки коммунальных услуг, а также иных обязательств, возложенных на них законодательством РК. 4.8. Заказчик несет персональную ответственность перед государственными органами за использование Земельного участка не по целевому назначению, за

нормаларды бұзғандығы және Коттедждік ауылдың жер телімдерінің өзге иелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзғандығы үшін өз бетімен жауапты болады.	нарушение строительных и иных правил и норм, а также за нарушение прав и законных интересов других собственников земельных участков Коттеджного городка, включая вопросы границ смежных участков.
5. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ШАРТТЫ БҰЗУ ТӘРТІБІ 5.1. Осы Шарт Тапсырыс беруші Қосылу туралы өтінішке қол қойған күннен бастапкүшіне енеді. Тараптар осы Шарттың қолданылу мерзімін белгілемеген. 5.2. Осы Шартты тараптар екі жақты келісім бойынша, сондай-ақ шартта және ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда бұза алады.	5. СРОК ДЕЙСТВИЯ И ПОРЯДОК РАСТОРЖЕНИЯ ДОГОВОРА 5.1. Настоящий Договор вступает в силу с даты подписания Заказчиком Заявления о присоединении и заключен Сторонами на неопределенный срок. 5.2. Настоящий Договор может быть расторгнут Сторонами по обоюдному согласию, а также в иных случаях, предусмотренных договором и действующим законодательством РК.
6. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР 6.1. Орындаушы осы Шартқа кез келген өзгертулер және/немесе толықтырулар туралы Тапсырыс берушіге Қосылу туралы өтініште көрсетілген деректемелер бойынша кез келген байланыс құралы арқылы өзгертулер және/немесе толықтырулар күшіне енбей тұрып, 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын хабарлайды. Егер өзгертулер және/немесе толықтырулар күшіне енгенге дейін Тапсырыс беруші олармен келіспейтінін айтпаса, Тапсырыс беруші өзгертулерді және/немесе толықтыруларды хабарлама алған күннен бастап, қабылдаған болып саналады. 6.2. Тараптар осы Шарт бойынша кез келген ақпаратқа қатысты мәселелерді құпияда ұстауға міндеттенеді. Құпияның ашылуы Тараптарға мүліктік, я болмаса өзге де залал келтіруі мүмкін. Әйтпесе, кінәлі Тарап екінші Тарапқа келтірілген залал мен айырылған пайданың орнын толықтай толтыруға міндеттенеді. 6.3. Осы Шартты орындау барысында туындайтын даулы мәселелер келіссөздер арқылы, Тараптар бір бітімге келе алмаған жағдайда – Орындаушы орналасқан жер бойынша сот тәртібімен шешіледі. 6.4. Осы Шарт арқылы Тапсырыс беруші баланстық қатыстылықтың ара-жігін ажырату актілерін сәйкес тиісті пайдаланушы ұйымның меншігі болып табылатын инженерлік коммуникациялар нысандарға қатысты бөлігін қоспағанда, Ортақ мүлік Орындаушының меншігі болып табылатыны туралы хабардар етілді және ол мұнымен келіседі. 6.5. Орындаушының осы Шарт бойынша уәкілетті өкілі Тапсырыс берушіден курьер арқылы жіберілген кез келген хат-хабарды алуға және тиісті ауызша түсініктер мен ескертпелер беруге, қызмет көрсету және қосымша ақылы қызметтер мен жұмыстар үшін берілетін Төлемді алуға, сондай-ақ осы Шарт аясында басқа да өкілеттіктерді орындауға құқылы. 6.6. Қандай да бір тараптың пошталық/электрондық мекенжайлары, уәкілетті тұлғалары және басқа байланыс ақпараты өзгерген жағдайда Тараптар бір-біріне мұндай өзгерістер туралы дереу хабарлауға міндетті. Мұндай хабарлама алынғанша, Тараптар арасында келісілген мекенжайлар бойынша жіберілген хат-хабарлардың бәрі тиісінше жіберілген болып саналады. 6.7. Осы Шартпен қарастырылмаған өзге жағдайлардың бәрінде Тараптар ҚР қолданыстағы заңнамасының ережелерін басшылыққа алады. 6.8. Осы Шарттың ажырамас бөлігі саналатын қосымшалар: 1) Қызмет көрсету қатарына енгізілген жұмыстар мен қызметтер тізілімі, және Көрсетілетін қызметтердің құны; 2) Қызмет көрсету туралы үлгі шартқа қосылу туралы өтініш; 3) Тұрудың негізгі шарттары мен ережелері.	6. ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ 6.1. О любых изменениях и/или дополнениях к настоящему Договору, Исполнитель уведомляет Заказчика по указанным в Заявлении о присоединении реквизитам с использованием любых средств связи за 15 (пятнадцать) календарных дней до их введения в действие. Если до момента введения в действие изменений и/или дополнений Заказчик не заявит о своем несогласии с ними, последние считаются принятыми Заказчиком с даты получения уведомления. 6.2. Стороны обязуются сохранять конфиденциальность в вопросах, касающихся любой информации по настоящему Договору, разглашение которой способно нанести Сторонам имущественный либо иной ущерб. В противном случае виновная Сторона обязуется возместить другой Стороне весь нанесенный ущерб и упущенную выгоду. 6.3. Спорные вопросы, возникающие в ходе исполнения настоящего Договора, разрешаются путём переговоров, при невозможности достижения Сторонами согласия – в судебном порядке по месту нахождения Исполнителя. 6.4. Настоящим Договором Заказчик извещен и согласен с тем, что Общее имущество является собственностью Исполнителя, за исключением части Объектов инженерных коммуникаций в соответствии с актами разграничения балансовой принадлежности, которые являются собственностью соответствующей эксплуатирующей организации. 6.5. Уполномоченный представитель Исполнителя по настоящему Договору вправе получать от Заказчика любую нарочную корреспонденцию и давать необходимые устные пояснения и замечания, получать Плату за обслуживание и дополнительные платные услуги и работы, а также осуществлять иные полномочия в рамках настоящего Договора. 6.6. В случае изменения у какой-либо стороны почтового/электронного адресов, уполномоченных лиц и другой контактной информации, Стороны обязаны уведомить друг друга о таком изменении незамедлительно. До момента такого уведомления, вся направленная по ранее согласованным Сторонами адресам корреспонденция, будет считаться надлежащим образом направленной. 6.7. В остальном, что не предусмотрено настоящим Договором, Стороны руководствуются положениями законодательства РК. 6.8. Приложения, являющиеся неотъемлемой частью настоящего Договора: 1) Перечень работ и услуг, включенных в Обслуживание, и стоимость Обслуживания; 2) Заявление о присоединении к типовому договору обслуживания; 3) Основные условия и правила проживания.

04.05.2015 ж. № ИПТ-Д-010

Қызмет көрсету туралы үлгі шартқа

№ 1 Қосымша

Приложение № 1

к Типовому договору обслуживания

№ ИПТ-Д-010 от 04.05.2015 г.

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ҚАТАРЫНА ЕНГІЗІЛГЕН ЖҰМЫСТАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ТІЗІЛІМІ		ПЕРЕЧЕНЬ РАБОТ И УСЛУГ, ВКЛЮЧЕННЫХ В ОБСЛУЖИВАНИЕ	
1	Тапсырыс берушіге берілген ортақ пайдаланыстағы Нысандарды Шартпен белгіленген шектер мен шарттарда пайдалану құқықтары.	1	Предоставление Заказчику права пользования Объектами общего пользования в пределах и на условиях, установленных Договором.
2	Тапсырыс берушінің Жер телімі мен оның айналасындағы аумақта орналасқан кез келген мүлігінің қорғалуын қоспағанда, Коттедждік ауылдағы Ортақ мүлікті сақтау мақсатында өткізу режимі мен Коттедждік ауыл периметрінің тексеруді ұйымдастыру.	2	Организация пропускного режима и осмотра периметра Коттеджного городка в целях сохранности Общего имущества Коттеджного городка, за исключением охраны любого имущества Заказчика, расположенного на его Земельном участке и прилегающей территории.
3	Тапсырыс берушінің Жер теліміндегі инженерлік желілерді қоспағанда, Коттедждік ауылдың инженерлік коммуникациялар нысандарының қосылу нүктесіне дейін пайдаланылуын және қызмет көрсетілуін баланстық қатыстылықтың ара-жігін ажырату актітарына сәйкес қамтамасыз ету Орындаушының келесі функцияларды орындауын қамтиды:	3	Обеспечение эксплуатации и обслуживания Объектов инженерных коммуникаций Коттеджного городка в соответствии с Актами разграничения балансовой принадлежности, за исключением инженерных сетей на Земельном участке Заказчика до точки присоединения, включает в себя выполнение Исполнителем следующих функций:
3.1	Коттедждік ауылдың инженерлік желілері мен жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу;	3.1	техническое обслуживание и ремонт инженерных сетей и оборудования Коттеджного городка;
3.2	Коттедждік ауылдың инженерлік желілері мен жабдықтарына мерзімді (жылына кемінде 2 рет) профилактикалық тексерулер жүргізу;	3.2	периодические (не менее чем 2 раза в год) профилактические осмотры инженерных сетей и оборудования Коттеджного городка;
3.3	Коттедждік ауылдың инженерлік желілері мен жабдықтарын маусымдық пайдалануға дайындау.	3.3	подготовка инженерных сетей и оборудования Коттеджного городка к сезонной эксплуатации.
4	Коттедждік ауылдық ортақ пайдаланыстағы нысандарын жинап-тазалау және көріктендіру Орындаушының келесі функцияларды орындауын қамтиды:	4	Уборка и благоустройство Объектов общего пользования Коттеджного городка включает в себя выполнение Исполнителем следующих функций:
4.1	жазғы кезеңде: айналадағы қоқысты жина, жолдардың шетіндегі шөпті шабу, көрсеткіштер мен жол белгілерін сүрту;	4.1	в летний период: уборка территории от бытового мусора, выкос травы на обочинах дорог, протирание указателей и дорожных знаков;
4.2	қысқы кезеңде: Коттедждік ауылдың орталық көшелері мен көлікпен жақындайтын көшелеріндегі жаңа түскен қарды тазалау (ауыл ішіндегі жолдар – Тапсырыс берушінің өтініміне сәйкес ақылы негізде техникалық мүмкіндікке қарай);	4.2	в зимний период: уборка свежевыпавшего снега с подъездных и центральных дорог Коттеджного городка (внутрипоселковые дороги – по технической возможности согласно заявке Заказчика на платной основе);
4.3	өздерінде құрылыс қоқысынан өзге қатты тұрмыстық қалдықтарды (бұдан былай - ҚТҚ) жинау контейнерлері орналастырылған арнайы жабдықталған алаңшаларды қажетті таза күйінде күту;	4.3	содержание в надлежащем чистом виде специально оборудованных площадок, на которых расположены контейнеры для сбора твердых бытовых отходов (далее – ТБО), за исключением строительного мусора;
4.4	бақылау-өткізу орындары мен әкімшілік нысандары тазалау және ұстау, сондай-ақ шлаббаумдарды ұстау және жөндеу.	4.4	уборка и содержание контрольно-пропускных пунктов и административных объектов, а также содержание и ремонт шлаббаумов.
5	Ортақ пайдаланыстағы нысандар аумағында өртке қарсы іс-шаралар өткізу.	5	Проведение противопожарных мероприятий на территории Объектов общего пользования.
6	Тапсырыс берушінің есептегіш көрсеткіштері мен жұмысқа қабілеттілікті тексеру.	6	Проверка показаний и работоспособности приборов учета Заказчика.
7	Коттедждік ауылдың Ортақ мүлігіне бухгалтерлік және заңдық қызмет көрсету, жеке шоттарды жүргізу және коммуналдық және өзге қызметтер үшін шоттарды шығару/қайта шығару.	7	Бухгалтерское и юридическое обслуживание Общего имущества Коттеджного городка, ведение лицевых счетов и выставление/перевыставление счетов за коммунальные и иные услуги.
8	Коттедждік ауылдың Ортақ мүлігіне салынатын салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу.	8	Уплата налогов и иных обязательных платежей в бюджет на Общее имущество Коттеджного городка.
9	Коттедждік ауылдағы жер учаскелерінің басқа меншік иелеріне Негізгі шарттар мен тұру ережелерін (№2 Қосымша) бұзуға байланысты тапсырыс берушінің жазбаша шағымдары мен өтініштері бойынша шешімдерді қарау және қабылдау.	9	Рассмотрение и принятие решений по письменным жалобам и заявлениям Заказчика, связанным с нарушением Основных условий и правил проживания (Приложение № 2) другими собственниками земельных участков Коттеджного городка.

КӨРСЕТИЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ҚҰНЫ	СТОИМОСТЬ ОБСЛУЖИВАНИЯ
Көрсетілетін қызмет үшін ай сайын төленетін Төлемнің мөлшері Жер телімінің 0,01 га үшін 400,0 (Төрт жүз) теңгені құрайды және Тапсырыс беруші оны Шартпен белгіленген тәртіп пен мерзімде төлейді.	Размер ежемесячной Платы за Обслуживание составляет 400,0 (Четыреста) тенге на 0,01 га Земельного участка и оплачивается Заказчиком в порядке и сроки, установленные Договором.

04.05.2015 ж. № ИПТ-Д-010

Қызмет көрсету туралы үлгі шартқа

№ 2 Қосымша

Приложение № 2

к Типовому договору обслуживания

№ ИПТ-Д-010 от 04.05.2015 г.

« ____ » _____ 202__ ж./г.

ЖК/ИП ТКАЧЕНКО

04.05.2015 ж. № ИПТ-Д-010 қызмет көрсету туралы үлгі шартқа қосылу туралы № ИПТ-Д-_____ ӨТІНІШ		ЗАЯВЛЕНИЕ № ИПТ-Д-_____ о присоединении к типовому договору обслуживания № ИПТ-Д-010 от 04.05.2015 г.	
Жер учаскесінің №/ № земельного участка			
Тапсырыс берушінің аты-жөні/ ФИО Заказчика			
Тапсырыс берушінің ЖСН/ ИИН Заказчика			
Тапсырыс берушінің жеке куәлігі/ Удостоверение личности Заказчика			
Тапсырыс берушінің байланыс деректері/ Контактные данные Заказчика	тұратын мекенжайы/ адрес проживания		
	телефоны, эл. почта		
Осы арқылы, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелен қ., «Теремки» тұтынушылық кооперативі мекенжайы бойынша орналасқан шарттарын ЖК ТКАЧЕНКО айқындап, бекіткен Ортақ мүлікке қызмет көрсету туралы үлгі шартқа толық және сөзсіз қосылатынымды мәлімдеймін және шарттың барлық ережелерін, оның ішінде барлық қосымшаларын және шартқа енгізілетін балық толықтырулар мен өзгертулерді орындауға міндеттенемін. Осы арқылы, жер телімінде құрылыс жұмыстарының басталғаны туралы ЖК ТКАЧЕНКО жазбаша ескерту керек болатыны, сондай-ақ Коттедждік ауылдың Инженерлік коммуникациялар нысандарына қосылу және маған тиесілі жер теліміне желілерді тарту мәселелерін алдын ала келісілуге міндетті болатыным туралы ескертілгенімді растаймын. Осымен, қызмет көрсету туралы үлгі шарт бойынша Төлем төлеу қажеттілігі туралы және тұтынылған коммуналды және өзге қосымша қызметтер үшін шығарылған және қайта шығарылған шорттар негізінде дер кезінде төлеу міндеттемесі жөнінде ескертілгенімді растаймын. Осымен, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» ҚР Заңының талаптарына сай ЖК ТКАЧЕНКО есептеу, жинау, төленетін шотта көрсету үшін, сонымен қатар қызмет көрсету туралы үлгі шарттың аясында Коттедждік ауылға қызмет көрсетуге бағытталған басқа да мақсаттар үшін маған қатысты келесі дербес деректердің: тегі, аты, әкесінің аты, тұратын мекенжайы, жеке куәлік деректері, ЖСН жинауына және өңдеуіне сөзсіз келісімімді беремін. Мессенджер WhatsApp-пен және/немесе СМС-ақпарат тарату және/немесе байланысты деректерінде көрсетілген электрондық пошта арқылы ақпарат алуға келісемін. Осы құжаттың заңды күші бірдей 2 данасы жасалды және бұл тараптардың қызмет көрсету туралы үлгі шартты тиісінше жасағанын растауы болып табылады. Осы өтінішке қол қойылған күн қызмет көрсету туралы үлгі шартқа қол қойылған күнге сәйкес келеді.		Настоящим заявляю о своем полном и безусловном присоединении к типовому договору обслуживания Общего имущества, расположенного по адресу: Алматинская область, Карасайский район, г. Каскелен, Потребительский кооператив «ТЕРЕМКИ», условия которого определены и утверждены ИП ТКАЧЕНКО, и обязуюсь соблюдать все положения договора, включая все приложения и последующие дополнения и изменения к нему. Настоящим подтверждаю, что извещен о необходимости письменного уведомления ИП ТКАЧЕНКО о начале строительных работ на моем земельном участке, а также об обязанности своевременной и в полном объеме оплатить стоимость подключения к Объектам инженерных коммуникаций Коттеджного городка и подведения сетей на принадлежащий мне земельный участок. Настоящим подтверждаю, что уведомлен о необходимости внесения Платы по типовому договору обслуживания, а также об обязанности своевременной и полной оплаты потребленных коммунальных услуг на основании выставленных и перевыставленных счетов. Настоящим, исходя из требований Закона РК «О персональных данных и их защите», предоставляю ИП ТКАЧЕНКО свое безусловное согласие на сбор и обработку следующих моих персональных данных: фамилия, имя, отчество, адрес проживания, данные удостоверения личности и ИИН, для начисления, сбора, указания в счете на оплату, а также для других целей, направленных на обслуживание Коттеджного городка в рамках типового договора обслуживания. Согласен получать информацию через мессенджер WhatsApp и/или СМС-информирование и/или электронную почту, указанные в контактных данных. Настоящий документ составлен в 2-х экземплярах, имеющих равную юридическую силу, и является подтверждением надлежащего заключения сторонами типового договора обслуживания. Дата подписания настоящего заявления является датой подписания типового договора обслуживания.	

Тапсырыс беруші/Заказчик:

Орындаушы/Исполнитель:

(подпись)

(ФИО)

Ткаченко В.Ю.

04.05.2015 ж. № ИПТ-Д-010

Қызмет көрсету туралы үлгі шартқа

№ 3 Қосымша

Приложение № 3

к Типовому договору обслуживания

№ ИПТ-Д-010 от 04.05.2015 г.

ТҰРУДЫҢ НЕГІЗГІ ШАРТТАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІ		ОСНОВНЫЕ УСЛОВИЯ И ПРАВИЛА ПРОЖИВАНИЯ	
1	КА-ның тұрғындары мен қызметкерлеріне достық және сындарлы қарым-қатынас.	1	Доброжелательное и конструктивное отношение к жителям и сотрудникам КГ.
2	Шартта белгіленген төлемдерді уақтылы және толық төлеу.	2	Своевременная и полная оплата установленных Договором платежей.
3	КА-ның дамытуға және басқаруға белсенді қатысу.	3	Активное участие в развитии и управлении КГ.
4	КА-ның ортақ мүлкіне ұқыпты қарау. Ортақ мүлікке қатысты кез-келген іс-қимыл үшін Тапсырыс беруші Орындаушының рұқсаты мен келісімін қажет етеді. Тапсырысшы келтірген залал өтелуге жатады.	4	Бережное отношение к Общему имуществу КГ. На любые действия в отношении общего имущества Заказчику необходимо разрешение и согласование Исполнителя. Нанесенный Заказчиком ущерб подлежит компенсации.
5	Тапсырыс беруші КА-ның басқа тұрғындары мен Орындаушысы үшін кез келген ықтимал теріс нәтижелерді азайтуға ұмтылуы тиіс	5	Заказчик должен стремиться минимизировать любые потенциально негативные для других жителей КГ и Исполнителя результаты своей деятельности и проживания.
6	Жер учаскесін оның тікелей мақсатына сәйкес пайдалану – бағбандық және саяжай құрылысы	6	Использование земельного участка в соответствии с его прямым целевым назначением – садоводство и дачное строительство.
7	Ірі және ұсақ үй малын (сиыр, жылқы, қой және т.б.), үй құстарын (тауық, қаз, үйрек, күрке тауық және т. б.), төбелескен тұқымды иттерді және айналасындағыларға қауіп төндіретін өзге де жануарларды өсіруге тыйым салынады.	7	Запрещается разведение крупного и мелкого домашнего скота (коровы, лошади, овцы и т.п.), домашних птиц (курицы, гуси, утки, индюки и т.п.), собак бойцовых пород и иных животных, создающих потенциальную угрозу для окружающих.
8	Негізсіз шуылдан аулақ болу керек.	8	Необходимо избегать необоснованного шума.
9	Жер учаскесіне өсімдіктер отырғызу және коммуникацияларды төсеу іргелес аумақтарға зиян келтірместен немесе қолайсыздық туғызбай жүргізілуі керек.	9	Посадку растений и прокладку коммуникаций на земельном участке необходимо проводить без причинения вреда или неудобства прилегающим территориям.
10	Тұрмыстық қоқысты тек осы үшін арнайы белгіленген орындарда тастауға рұқсат етіледі	10	Бытовой мусор разрешается выбрасывать только в специально установленных для этого местах.
11	Құрылыс қоқыстары тек өз жер учаскесінде жиналуы керек, содан кейін оны міндетті түрде өз есебінен шығару керек.	11	Строительный мусор должен складироваться только на собственном земельном участке с обязательным его последующим вывозом за собственный счет.
12	Үй құрылыстары мен олардың қоршаулары көрнекі және ұқыпты болуы керек.	12	Домостроения и их ограждения должны иметь презентабельный и опрятный вид.
13	Тапсырыс беруші Орындаушымен келісім бойынша өз күшімен және өз есебінен оның учаскесіне іргелес жалпы пайдалану аумағын абаттандырып, абаттандыра алады. Мұны жол бойындағы аймақты ұйымдастыру бойынша әзірленген ұсыныстарға сәйкес жасау керек. Бұл ретте, Тапсырыс беруші бұл жақсартулардың ажыратылмайтыны және КА-ның меншігіне өтеусіз өтетіні туралы хабардар етіледі және келіседі.	13	Заказчик по согласованию с Исполнителем может своими силами и за свой счет благоустраивать и облагораживать прилегающую к его участку территорию общего пользования. Делать это необходимо в соответствии с разработанными рекомендациями по обустройству придорожной зоны. При этом, Заказчик уведомлен и согласен, что данные улучшения становятся неотделимыми и безвозмездно переходят в собственность КГ.
14	Тапсырыс беруші автомобиль көлігінің ішкі қауіпсіз қозғалысының белгіленген қағидаларын және КА-ның бақылау-өткізу пунктінің жұмыс режимін сақтауы тиіс.	14	Заказчик должен соблюдать установленные правила безопасного внутреннего передвижения автомобильного транспорта и режим работы контрольно-пропускного пункта КГ.
15	Тапсырыс беруші осы Шарттар мен ережелерді оның қонақтарының, қызметкерлерінің және онымен тікелей байланысты басқа да тұлғалардың сақтамағаны үшін жауапты болады.	15	Заказчик несет ответственность за несоблюдение настоящих правил его гостями, работниками и прочими, непосредственно связанными с ним лицами.